



*Мемлекет тарихы институтының директоры, тарих ғылымдарының докторы,
профессор Бүркітбай Аяғанның сөз сөйлеу сәті*

Б.Ғ. АЯҒАН,

*Мемлекет тарихы институтының
директоры, тарих ғылымдарының
докторы, профессор
(Қазақстан Республикасы)*

**ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ 1930-ЖЫЛДАРДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ:
СЕБЕПТЕРІ МЕН САЛДАРЫ
(«ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АШАРШЫЛЫҚ ХАЛЫҚ ҚАСІРЕТІ ЖӘНЕ
ТАРИХ ТАҒЫЛЫМЫ» Халықаралық ғылыми конференциясы
материалдарының жинағынан, Астана баспасы, 2012)**

Құрметті қауым! Қадірлі қонақтар !

Біз бүгін, еңсесі биік, зәулім Тәуелсіздік Сарайында қазақ халқының басынан өткен ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы ауыр нәубет, алапат ашаршылық туралы кеңінен сөз қозғап, ғылыми сараптама жасау үшін жиналып отырмыз. Осы залда еліміздің түкпір-түкпірінен келген әріптестерімді – отандық ғалымдарды көріп, біздің басымыз біріксе, тарихшылардың зор күш екенін үлкен қуанышпен айтқым келеді. Өйткені, тарихи оқиғалар мен ірі тұлғаларға объективті баға беруде, қоғамда қылаң беретін біржақты көзқарастарға нақты фактілермен негіздеуде тарихшылардың алатын орны ерекше.

Біз өскелең елдің ұрпағымыз. Дәл қазір Қазақстан Республикасы БҰҰ-ның мүшесі, талай рет еліміздің көк байрағы әлемдік басқосуларда биіктен желбіреді, еліміздің мәртебесі өсті. Біз Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт көшбасшысы **Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың** төңірегіне топтасқан **Ұлы елміз**, Қазақстан азаматымыз.

Бүгінгі халықаралық ғылыми форум да Елбасының тапсырмасымен іске асырылып отыр. Күні кеше Президентіміз 1932–1933 жылдары ашаршылық құрбандары на арналған ескерткіштің ашылу рәсімінде сөйлеген сөзінде: **«Құрметті қазақстандықтар! Біз тарихты терең ұғып білуіміз керек және бұл тақырыпты саясиландыруға жол бермеуіміз керек. Ашаршылық, депортация, адамдардың жаппай қырылуының себебі кеңестік тәртіптің қатыгез саясаты болды. Саяси қуғын-сүргіннің басты айыпкері – бұл адам төзгісіз тоталитарлық жүйе»** – деп атап өтті.

Құрметті әріптестер!

Тәуелсіздік жылдарында ғылыми айналымға енген құжаттар мен материалдар жинақтары, әртүрлі жанрдағы монографиялық зерттеулер Қазақстандағы саяси репрессия мен ашаршылық мәселелерін бір жүйеге түсірді. Мұнда 1920–30 жылдардағы жаппай ұжымдастыру, ашаршылық, репрессияның кеңестік бір жүйе де – тоталитаризм жүйесінде болғаны тарихи тұрғыдан негізделеді.

1917 жылғы революциядан кейін қазақ халқының «өзімізді-өзіміз басқарсақ» деген үміті болған еді. Шын мәнісінде, большевиктер билігі толық

орнағанға дейін, ел еңсесін көтеріп, ұлттық мектептерін ашты, рухани ұлттық езгіге қарсы тосқа уылдар қойылды. Бірақ, 1930-жылдары КСРО-да тоталитаризм жүйесі тамырын тереңге жіберді. Өкінішке орай, 1932–1933 жылдары, 1921–1922 жылдардағы ашаршылық қайталанды. Нәубет жылдарын көзімен көрген, қазақтың дүл-дүл ақыны Үкілі Ыбырай «Айналайын, хукімет» деген өлеңінде Кеңес үкіметін былайша сипаттаған:

«Айналайын, хукімет,
Қылғаның қырғын хикмет.
Ақиқат жолын тайғыздың,
Тар түрмеге сыйғыздың.
Аппақ қудай шал күйде,
Қияметке қиғыздың».

Зерттеуші ғалымдарды қинайтын сұрақ, осыншама қасіретке себепші болған қандай жағдайлар?

1992 жылы 7 желтоқсанда ҚазОАК мен ҚАКСР ХКК-нің 1928 жылғы 27 тамыздағы «Бай шаруашылықтарды тәркілеу туралы», 1928 жылғы 13 қыркүйектегі «Аса ірі және жартылай феодал байларды тәркілеу және жер аударуға қарсы әрекет жасағаны үшін қылмыстық жауаптылық туралы», 1930 жылғы 19 ақпандағы «Жаппай ұжымдастыру аудандарында ауыл шаруашылығын социалистік

жолмен қайта құруды нығайту жөніндегі және кулактар мен байларға қарсы күрес жөніндегі шаралар туралы» қаулыларын зерттеу жөніндегі ҚР Жоғарғы

Кеңесінің Төралқасы комиссиясының (төрағасы М.Қ. Қозыбаев) қорытындылары мен ұсыныстары туралы 3 пункттен тұратын Қаулысы және Комиссияның қорытындысы жарық көрді. (Қолдан жасалған қасірет. «Егеменді Қазақстан». 22 желтоқсан 1992 жыл).

Онда **«XX ғасырды тітіреткен сұмдық қасіреттердің жан түршігер тізімінде большевиктердің шаруаларды жазалау шаралары, украиндық «аштан қыру», халықтарды Сталиндік жер аудару, маолық «мәдени революция», полпотшылдық сияқты адамзатқа қарсы қылмыстармен қатар қисапсыз қасіретті бастан кешірген Қазақстан халқы жөніндегі қырып-жою әрекеттері де ешқашан естен шықпайтыны» айтылды және ҚР-ның ғылыми мекемелері мен жоғары оқу орындарына зерттеулерге 1920–30 жылдардағы күрделі оқиғаларға талдау жасауды енгізе отырып, зерттеу мәселелерін кеңейту ұсынылды.**

– Осы комиссияның қорытындысы жариялағаннан бері 20 жылдан астам уақыт өтті. Нәтижесінде Қазақстан қасіреті туралы әртүрлі жанрдағы көптеген жинақтар шықты. Әсіресе, отандық тарихшылар көптеген зерттеу еңбектерін жазды, жаңадан ашылған құпия құжаттарды ғылыми айналымға енгізді. Бірақ, бұл жұмыстар әлі де жалғасын табуы тиіс.

– Жаһандану жағдайында отандық зерттеулермен қатар Ресей, ТМД елдері, АҚШ пен Батыс Еуропалық зерттеулерді де ғылыми айналымға енгізген тиімді. Әрине, қазақтың қасіреті тек қазақтың жанына бататыны түсінікті, сондықтан отандық зерттеушілердің еңбектері шетелдік

зерттеулермен салыстырғанда маңыздырақ. Дегенмен, кешенді зерттеулер тарихи шындықты объективті жазуға септігін тигізері сөзсіз.

Тарихи деректер нақтылағандай, қазақ даласына 1920–1930 жылдардағы репрессия мен ашаршылық сырттан келді. Өкінішке орай, тоталитаризм жүйесіндегі күштеу саясатына қарсы әрекеттер нәтижесіз қалды.

*Құрметті конференцияға қатысушылар!
Құрметті әріптестер!*

Біз бүгін КСРО тарихының аса қайғылы және ауыр кезеңдерінің біріне жан-жақты талдау және талқылауға жиналып отырмыз. Ауылдағы жеке меншікті жою мен тиімсіз ұжымшарларды құруға бағытталған кеңестік тәжірибені зерттеу өткенге ғана емес, бүгінгі күні де өзекті болып отыр. Мысалы, ашаршылық Солтүстік Корея, Африка мемлекеттерінде күні бүгінге дейін бар. Сараптаулар көрсеткендей, Солтүстік Кореядағы тәжірибе 1930- жылдардағы Кеңес Одағын еске салады: мұнда да экономикалық заңдылықтарды ескермеу, аштық туралы ақпаратты қысқарту, халықаралық қайырымдылық көмектерінен бас тарту, экономиканы әскерилендіру, қарулы бәсекелестік.

Кеңестік биліктің аграрлық саясатына қатысты объективті дара зерттеулер М.С. Горбачевтің қайта құру кезеңінде көрініс тапты. 1990 жылдары М.Қозыбаев, К.Нұрпеісі, В.Шепель, Қ.Алдажұманов, М.Асылбеков, Ж.Әбілғожин, Т.Омарбеков, Е.Сыдықов, Қ.Атабаев, Ә.Ғали, демограф М.Тәтімов, жазушылар С.Елубай, В.Михайлов, Б.Қойшыбаев және т.б. ғалымдардың салмақты еңбектері шықты.

Бұрынғы идеологиялық құрсауды бұзуға, қоғамдық пікірді қалыптастыруға ресейлік ғалымдар А.А. Данилов, В. Кондрашин, В.П. Козлов, Е.Жиромскаяның, сондай-ақ Орта Азиялық әріптестеріміз З.Урманов, А.Раджабовтардың мақалалары серпіліс берді.

АҚШ, Австралия, Франция ғалымдары Роберт Конквест, Марта Брилл Олкотт, Стивен Уиткрофт, Изабель Огайон және Германиялық Роберт Киндлердің, Украинаның Әбдіжәміл Абдулхаировтың күрделі еңбектері айрықша мәнге ие болып отыр.

Зерттеудің әдіснамалық қағидалары мен тәсілдері әр қилы болғанымен, ғалымдардың тұжырымдары бір арнаға тоғысып, сабақтасып жатты. Мысалы, Қазақстандағы адам айтқысыз алапат ашаршылықтың басты себебі ретінде кеңестік басқарудағы қателіктердің есепке алынуы, экономикалық заңдылықтардың және адам тағдырының ескерілмеуі. Қазақстандағы, сонымен қатар Украина, Ресей, Башқұртстандағы ашаршылық адамдардың, яғни билік басындағылардың әрекеті салдарынан туындады дегенмен, ішінара табиғи құбылыстармен де байланысты еді.

* * *

Ұжымдастыру және ашаршылық жылдарының себептері туралы сараптаулар көрсеткендей, К.Маркс пен В.Ленин еңбектері негізіндегі большевиктік саяси доктринамен байланысты. Белгілі болып отырғанындай, марксизм классиктері өздерінің теориялық бағдарламаларында таптық жүйеге қарсы тарихи негізден тыс пролетариат диктатурасын орнату; жеке меншікті жою және халықтық меншікті құруды жариялады. «Коммунистік партияның манифесін» таптық қарама-қайшылық, таптар арасындағы күрес адамзат өркениетінің қозғаушы күші мәлімдеді дұрыс.

1920-жылдары большевиктік билік елдегі бүліншілікті еңсеру және индустрияландыру саясатын жүргізуге қажетті резервті жанталасып іздей бастады. Олардың пікірінше, Қазақстан да азық-түлік қорын толтыруға үлкен мүмкіндік бар еді.

1928 жылы 5 тамызда Қазақстандағы ұжымдастыру бағытын жүргізу ісі өзекті болғандықтан, науқанды ұйымдастыру және басқару комиссиясы құрылады. РКФСР-дің басқа аудандарына қарағанда, Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының негізгі ерекшеліктері болды. Біріншіден, республикада ұжымдастыру саясаты жергілікті халықтың дәстүрлі шаруашылығына ауыр соққы болған «отырықшыландыру» мен қатар жүргізілді.

Екіншіден, Ф.Голощекин «Кіші Қазан» бағытын жүргізуді және соған сәйкес ауылдағы таптық қарама-қайшылықты ушықтыруды қажет деп санады. 1929 жылы БК(б)П сәуір пленумында ұжымдастыру бағытын жүргізудегі шұғыл өзгерістер, науқанды жүргізудің барлық қиындықтары шаруаларға бағытталды. Осы бағытты жүргізуге кедергі келтіретін белсенді қарсыластар ретінде «бай-кулак» элементтері мен бұрын таратылып кеткен «Алаш» және эсер партияларының өкілдері жарияланды.

Қарсылық білдірушілер үшін арнайы соттан тыс органдар құрылды. Республиканың Жоғарғы Кеңесінің Қаулысында аталғандай, 1929–1933 аралығында «үштіктер» 9805 істі қарап, 22933 адамға қатысты шешім қабылдаған, оның ішінде жазаның ең жоғарғы сатысы – 3386 адамға ату жазасы кесілсе, 13151 адам 3 жылдан 5 жылға дейін концлагерлерге камалған. Кулактармен және контрреволюционерлермен күрестің басталуы нағыз зорлық-зомбылықты туғызды. Жергілікті милициялар мен Қызыл әскер бөлімдері ату, т.б ауыр жазаларды жиі қолданды. Мұрағат деректерінен белгілі болғандай, 1934 жылы қазанда ешқандай кінәсіз Шәкәрім Құдайбердиев атылды, сол сияқты көптеген адамдар осы саясаттың құрбаны болды.

Ұжымдастыру қарқынын жеделдету үшін партиялық комитеттің жастар ұйымдары мен БАҚ кері ақпарат таратуға келіспегендерге күштеудің әртүрлі әдістерін қолданды, мысалы үй тұтқынында ұстау, жертөлеге қамау, беделіне нұсқан келтіру немесе оларды құқықтарынан айыру.

1932 жылы 7 тамызда халық арасында «бес масақ заңы» атауымен есте қалған «Социалистік меншікті қорғау туралы» заң жарияланады. Колхоз меншігін талан-таражға салғаны үшін, әсіресе алқапта жасырын егін бастырғандарға ату жазасына дейін жазалау шаралары қолданылды.

Осы жылдары кеңестік билік әдейілеп дінге қарсы атеистік үгіт-насихатты күшейтті. Қысқа мерзім ішінде республикада мешіттер мен шіркеулердің едәуір бөлігі қиратылды. Алайда қатыгездікпен жүргізілген дінге қарсы науқан өз мақсатына жеткен жоқ. Қайта өлке тұрғындарының діни ахуалын ушықтыра түсті. Адамдар партия шешендерінің болмысынан дөрекілікті, өркениетті қоғамға қайшы азғындық әрекеттерді көрді.

Президент – Ұлт көшбасшысы Н.Ә. Назарбаев айрықша атап өткендей, «Тоталитарлық тәртіпті жаңғыртушылар үшін қазақ даласы «иесіз әлеуметтік кеңістік» болып саналды да, әлеуметтік тәжірибелер алаңына айналдырылды».

* * *

Коммунистік партия жүргізген ұжымдастырудың салдарынан мемлекеттің көптеген аудандарын алапат ашаршылық жайлады. Өмір сүруге деген үміттері үзілуге айналған шаруалар туған жерін тастап қалаларға ағылды, темір жол станцияларына шоғырлана бастады. Партиялық комитет жетекшілері ашыққан мыңдаған адамдардың қаланы толтырып тастағанын жүйелі түрде хабарлап отырды. Елді әртүрлі жұқпалы аурулар жайлады.

Шаруалардың наразылығы халықтың басым бөлігін көтеріліске және республика аумағынан тыс жерлерге қоныс аударуға итермеледі. Ғалымдардың есептеуінше, 1929–1931 жылдары Қазақстанда 80 мың адам қатысқан 372 көтеріліс болған. Әсіресе Созақ, Ырғыз, Абыралы, Маңғыстау, Шемонаиха, Самар аудандарында орын алған шаруалар көтерілістері қайғылы аяқталды. Көтеріліс кезінде шаруалар ауылдық кеңестерді басып алып, билік өкілдерін соққыға жығып, құжаттарды өртеген.

Кеңестік билік шаруалар толқуын басуда көпірме уәдеден басқа милиция жасақ тары мен тұрақты әскер бөлімдерін кеңінен пайдаланды. Мысалы Маңғыстау өңіріндегі көтерілістерді басу үшін Каспий флотилиясы күштері тартылды. Оңтүстік және Шығыс Қазақстандағы наразылықтарды басу үшін тұрақты әсер бөлімдері пайдаланылған.

Мыңдаған отбасылар «бай-кулак элементтері» ретінде республикадан тысқары аймақтарға жер аударылды. Статистикалық мәліметтер бойынша, бір жарым миллион адам республикадан тысқары жерлерге көшіп кеткен. Қазақ даласы қаңырап, бос қалды.

Осы жерлерге Ресейдің, Украинаның, Белоруссияның орталық облыстарында тәркілеуге ұшыраған шаруалар қоныстанды. Мысалы, Малиновка, Осакаровка сияқты көптеген ауылдар мен кен орындары осы кезеңде құрылды.

Ашаршылық, эпидемия милиция мен Қызыл әскер бөлімдерінің жазалау әрекеттері орасан зор адам шығынына әкелді. Осы жылдары республика халқының саны айтарлықтай қысқарды. Мысалы, 1926 жылы республика бойынша қазақтардың саны **3628000** адам болса, келесі 1939 жылғы санақ көрсеткіші бойынша осы **1 млн. 300 мың адамнан** айырылған, яғни қазақтар құрамының **36 пайызын** жоғалтқан. Қазақстанды мекендеген

басқа да халықтардың саны дағдарысқа ұшырады. Бірақ, көп шығынға ұшырағаны жергілікті халық болды.

Кеңестік партиялық комитет ашаршылық туралы әртүрлі естеліктер айтуға тыйым салды. Оның орнына ұжымдастыру саясатының ірі жетістіктері туралы көпірме мәлімдемелерді жаппай насихаттау күшейді. БК(б)П көсемі ашаршылық туралы әртүрлі естеліктер партияның беделіне нұсқан келтіреді деп санады және ашаршылыққа ұшыраған адамдарға әртүрлі қайырымдылық ұйымдардан көмек алуға тыйым салды.

* * *

Ұжымдастыру саясатының салдары

1933 жылы партиялық басшылық ақырында ұжымдастыру саясатының сәтсіз аяқталғанын түсінді. Біріншіден, мемлекеттегі алдыңғы қатарлы озық колхоздардың орнына әлсіз, жұмысы өнбейтін ұжымдар пайда болды. Құрылған колхоздар халықты азық-түлікпен қамтамасыз ете алмады. Әйтпесе Кеңес үкіметі мен коммунистік партия неге 1982 жылы азық-түлік бағдарламасын қабылдады және неліктен ауыл шаруашылығын «қайта жасақтауға» тырысты? Екіншіден, шаруалардың көбісі неғұрлым қуатты, күшті ауылшаруашылық мамандарынан айырылды. Кулактарға қарсы күрес кезінде олар тап ретінде қырғынға ұшырады. Тез арада нан дайындауды азайту ауылдарды құтқара алмады: миллиондаған адамдар аштықпен эпидемиядан қырылып жатса, миллионы атамекенін тастап, шекара асып кетті.

Алайда, И.Сталин мен Ф.Голощекин және оның төңірегіндегілер өз қателіктерін мойындаған жоқ. Олар сол мейірімсіз, қатыгез күйінде қалды. Тіпті, барлық кемшілікті шаруалардың мойнына артып, әлдеқашан өмір сүруін тоқтатқан ұлттық саяси партиялардан жау іздеді. Бұдан кейін КСРО мен Қазақстанда жаппай тұтқындау толқыны басталды. Қуғын-сүргін құрығынан ауыл тұрғындары да, зиялы қауым өкілдері де құтыла алмады. Көп кешікпей, олар «халық жауы» атанып, түрмелерге жабылды, қасіретті күндерді бастан өткізді. Сөйтсе де, кеңестік билік колхоз-совхоздарға В.Ленин, И.Сталин, В.Молотов, Л.Каганович, С.Киров, М.Калинин және т.б. есімдерін жаппай беруден жалықпай-ақ қойды.

* * *

Осыған балама бағыт болды ма? Иә, болды. Нарықтық экономикалық елдерде, Еуропаның көптеген елдерінде ауылшаруашылығын жаңғырту, индустрияландыру жүргізілді. Тәжірибе көрсеткендей, ашаршылықтың салдары экономикалық заңдылықтардың бұзылуынан және зорлық-зомбылықты шектен тыс қолданудан болды.

Билік белгілі ғалымдар Ә.Бөкейханов, С.П. Швецов, қайраткерлер С.Сәдуақасов, Т.Рысқұловтардың пікірлерімен есептеспеді, керісінше олар «ауытқушылар» деп айыпталып, қуғын-сүргінге ұшырады.

Кеңестік билік тарапынан жүргізілген ұжымдастыру бағыты және оның салдары Қазақстан халқына ауқымды гуманитарлық апат әкелді. «Социалистік жұмақ» орнату жолындағы орасан зор құрбандықтар босқа кетті және күтілген нәтиже бермеді.

Қасіреттің ауқымдылығы соншалық, оны геноцид саясаты деуге негіз бар. Мұндай ой-тұжырым жасау Халықаралық Конвенцияда тіркелген «Геноцид қылмысының алдын алу және оның жазалаулары» деп аталатын халықаралық құқық ережелеріне сәйкес келеді.

2010 жылдың наурызында Еуропа Кеңесінің Парламенттік Ассамблеясы: «Бұрынғы КСРО-дағы Алапат Ашаршылық (Голодомор) құрбандарын еске алу» туралы құжат қабылдады, онда Еуропаның заңгерлері мен тарихшыларын осы адамзат қасіреті туралы фактілерді толық орнықтыру және қазіргі халық арасындағы құқық тұрғысынан бағалау үшін бірлескен тәуелсіз, объективті және саяси астарсыз зерттеулер жүргізуге шақырды. Дәл бүгін сіздерге тұсаукесерін жасап отырған Мемлекет тарихы институты ғалымдары дайындаған «1932–1933

жылдардағы ашаршылық ақиқаты. Правда о голоде 1932–1933 годов» / Б.Ғ. Аяған, Ж.Ү. Қыдыралина, Ә.М. Ауанасова, А.Н. Қашқымбаев, М.Л. Анафинова, К.М. Илиясова, Б.Ғ. Аяғанның редакциясымен / зерттеуін ұсынып отырмыз. Таралымы 1000 дана, 22 баспа табақтан тұрады.

Бұл кітапта ХХ ғасырдың 20–30 жылдарындағы Қазақстандағы ұжымдастыру саясатының салдарынан Ашаршылық тарихы және оның зардаптары жаңаша көзқарас тұрғысынан зерделенеді. Өйткені, бұл тақырыпты КСРО-ның ресми билігі мен тарих ғылымы жарты ғасырдан астам уақыт жасырып келді.

Ұжымдық монографияда тарихи оқиғалар соңғы жиырма-жиырма бес жыл ішінде жарияланған отандық, кеңестік, ресейлік және батыстық зерттеулер және облыстық мұрағат құжаттары негізінде сараланды. Сондай-ақ маңызды фотосуреттер, тақырыптық карталар, глоссарий, биографиялық анықтама көрсеткіші енгізілді.

Кітаптың құрылымы алғы сөз, авторлардан «Миллиондар қасіреті», 4 тарау және қорытынды бөлімінен тұрады. Басылымның алғы сөзін бүгінгі конференцияның құрметті қонағы Мельбурн университетінің профессоры, сталиндік террор мен КСРО тарихының экономикалық мәселелерін зерттеуші Стифен Уиткрофт жазды. Әрине, бұл кітапты толық аяқталған еңбек деуден аулақпыз, болашақта оның жалғасы болатынына сенімдіміз.

Осы ретте көрнекті орыс философы Николай Бердяев «Истоки и смысл русского коммунизма» атты еңбегінде айтылған: **«Кеңестік жүйе арқылы өзін көрсеткен, бұрын-соңды болмаған тирандық билікті қалай ақтаса да, ол бір кездері ар соты алдында жауап беруі тиіс»** деген сөзін келтіруді жөн көрдік.

Қазіргі Қазақстанның даму құрылысы, басқарудың өркениетті түрлері – адам құқықтары мен бостандығын таптаудың кез келген жолдарына жол бермеу үшін тұрақты негіз қалап берді.

* * *

Азаттыққа жеткен бүгінгі Қазақстанда жағдай мүлдем басқаша. Біз бір шаңырақтың астында 130-дан астам өзге ұлттың өкілдері бірлікте өмір сүріп жатырмыз. Тәубе! Тәуелсіздігіміздің керегесі кең, тұғыры биік болғай. Мемлекеттік бағдарламалар «Мәдени мұра», «Ғылыми қазына» және т.б. арқылы ашаршылық туралы зерттеулер жүргізіледі.

Сөз соңында осы конференция жұмысына ҚР-ның Мемлекеттік хатшысы Мұхтар Абрарұлы Құл-Мұхаммедтің, ҚР Білім және ғылым министрі Бақытжан Тұрсынұлы Жұмағұловтың және танымал халық қалаулыларының қатысуы – бүгінгі тарихшылар форумының мәртебесін көтеріп, мерейін асырып отырғанын ерекше айтқым келеді.

Назарларыңызға көп рахмет!

Мәлімет ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтынан берілді.